

**Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің 05.12.2025 ж № 3536 санды хатына сәйкес «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-жоспарының атқарылып жатқан жұмыстардың анықтамасы**

ҚР “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы” Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады және оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2025 жылға арналған кешенді жоспарының қорытындысымен талдау жасалды.

«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы КМҚК-да жас ерекшеліктері әртүрлі 6 топ жұмыс жасайды. Жобалық қуаты 130 орын. Балабақшаның жұмыс уақыты толық күн. Биылғы оқу жылында 2-кіші топ, 1- ортаңғы топ , 1- ересек топтар және 2-мектепалды тобы жасақталды.

Оқу жылында 18 педагог қызмет атқаруда. Оның 10-ы- модератор, 3- еуі-сарапшы,5 еуі-санатсыз.

Оқу жылындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып бөбекжай-бақшаның жылдық жоспары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспар, қауіпсіздік жоспары, іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді.

Қаңтар айында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспарына сәйкес балабақша меңгерушісі Н.Есжанова педагогтарға түсінік жұмыстары жүргізілді, балабақша ішілік бұйрықтар шығарылып, «Сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды болдырмау» жөнінде слайдтар көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Балабақша тәрбиешісі Г.Есмаханова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» әлеуметтік бейнеролик дайындап, Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шараларды жүйелі және бірізді іске асыру ұлттық тәжірибе ауқымы мен озық халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәжірибелерді тартуды ескерумен өзін-өзі жетілдіру режимінде тұрақты тұрған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың бірегей үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік беруді қалыптастыру жайлы түсіндіріп өтті.

Ақпан айында жоспарға сәйкес балабақша әдіскері М.Акимова «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес- баршамызға міндет» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын-алу тәртібінің сақталуы жөнінде пікір алмасып, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін қандай шаралар жүргізу керек екендігі

туралы педагогтардың ой-пікірлері ортаға салынды. Мақал-мәтелдер айтылып, даналарымыздың қанатты сөздерінен мысалдар келтірілді. «Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам» атты постер қорғалды.


Наурыз айында мектепалды тобының тәрбиешісі А.Куантаева “Жаман әдеттерден аулақ болайық” тақырыбына сурет көрмесін ұйымдастырды. Мақсаты: балаларды жаман әдеттерден аулақ болуға, жақсылық жасауға үйрету.


Сәуір айының жоспарына сәйкес жемқорлыққа қарсы мәдениет және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік деңгейін айқындау бойынша “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйе қалыптастыру” тақырыбына бейнеролик көрсетіліп, мағлұматтар берілді.

Мамыр айында бөбекжай-бақша психологі Н.Нурсултанова ұжым қызметкерлеріне “Сыбайлас жемқорлықпен қоғамның өзекті мәселесі” тақырыбына тренинг өткізді. Мақсаты: ұжым қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық туралы білім деңгейін көтеру. Заң алдында қандай жауапкершілік пен тәртіпті сақтау қажеттігін үйрету.


Маусым айының жоспары бойынша “Жемқорлықтың құрығы қысқа” тақырыбына бөбекжай-бақша меңгерушісінің ұйымдастыруымен адалдық сағаты өткізілді. Онда қызметкерлердің ұсыныс-пікірлері тыңдалып, ашық әңгіме алаңында көптеген мәселелер талқыланды.

Шілде айында “Сиқырлы кітап” тақырыбына кітапханаға саяхат жұмысы ұйымдастырылып, балаларды ауылымызда орналасқан кітапханамен танысуға апарды. Саяхат барысында балалармен түрлі ойындар ұйымдастырылды. Көрнекі құралдар мен бейнероликтер қолданылып, балаларға кеңінен түсінік берілді.





“Қаржылық сауаттылық” “Болашақ” мектепалды тәрбиешісі А.Алиясқарова “Банкомат” ойынын өткізді. Қаржылық сауаттылық — адамның ақшаны дұрыс жұмсауы, табыспен шығынды реттей білуі, үнемдеу және жоспарлау қабілеті. Мектепке дейінгі жастағы балаларда бұл ұғымды ерте қалыптастыру өте маңызды, себебі дәл осы кезеңде баланың өмірлік дағдылары мен мінез-құлық үлгілері қалыптасады. Баланы кішкентайынан үнемшілдікке, еңбекқорлыққа, жауапкершілікке баулу – оның болашақ өміріндегі қаржылық тұрақтылықтың негізі.



Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарына орай ата-аналар жиналысына “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес” заңынан үзінділер ензігіліп, пікір алмасып отырады.

9 желтоқсан «Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне» орай тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын-алу тәртібінің сақталуы жөнінде пікір алмасып, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін қандай шаралар жүргізу керек екендігі туралы педагогтардың ой-пікірлері ортаға салынды. Мақал-мәтелдер айтылып, даналарымыздың қанатты сөздерінен мысалдар келтірілді. «Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам» атты постер қорғалды.



Жоспарға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың салыстырмалы актісі жасалып отырылыады.

Кешенді жұмыстар уақытында әлеуметтік желілерге сыбайлас жемқорлықты болдырмау және оның алдын-алу бойынша жүргізілген іс-шаралар жарияланады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы барысы туралы қорытынды жұмыстар басшының тарапынан жүргізіліп отырады.

**«Асыл-ай» бөбекжай-бақша  
менгерушісі**



**Н.Есжанова**